

Текелі қаласы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері тізіміне қосу үшін өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 01 қарашадағы № 327 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылды 23 қарашада № 4016 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 8 қыркүйектегі № 188 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 08.09.2020 № 118 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандығы № 4-3/177 бүйрекшімен бекітілген, Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 10-тармағына сәйкес, Текелі қаласының әкімдігі

ҚАУЛЫ

Е Т Е Д І:

1. Текелі қаласы бойынша өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына субсидиялар алу үшін субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері тізіміне қосу үшін өтінімді ұсыну мерзімдері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. "Текелі қаласының ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Джылкыбаев Нурлан Джавидовичке осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және Текелі қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Текелі қаласы әкімінің орынбасары Рақымбеков Рауан Тұрданғазыевичке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап

күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Текелі қаласының әкімі

Т. Қайнарбеков

Текелі қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 01 қарашадағы "Текелі қаласы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері тізіміне қосу үшін өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы" № 327 қаулысына қосымша

Текелі қаласы бойынша өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялау үшін субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері тізіміне қосу үшін өтінімді ұсыну мерзімдері

р/с №	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің басталуы	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің аяқталуы
1	Арпа	25 қараша 2016 жыл	15 желтоқсан 2016 жыл
2	Майлы дақылдар	25 қараша 2016 жыл	15 желтоқсан 2016 жыл
3	Көпжылдық шөп (таза егіс)	25 қараша 2016 жыл	15 желтоқсан 2016 жыл
4	2, 3 жылғы көпжылдық шөп	25 қараша 2016 жыл	15 желтоқсан 2016 жыл
5	Картоп	25 қараша 2016 жыл	15 желтоқсан 2016 жыл
6	Көкөніс	25 қараша 2016 жыл	15 желтоқсан 2016 жыл

Текелі қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 01 қарашадағы "Текелі қаласы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері тізіміне қосу үшін өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы" № 327 қаулысына келісім

"КЕЛІСІЛДІ"

"Текелі қаласының ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

Джылқыбаев Нурлан Джавидович

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК